



ЖУРНАЛ

Павлодар жастарының газеті

Журнал жол - білім жолы

2 бет

Керей хан билеген халықты алғаш рет «қазақ» деп атағанын тарихтан білеміз. Өкінішке орай Керей хан туралы да, «қазақ» атауының төркіні турасында да тарихи деректер жоқтың қасы. Тарихшылар бұл құпияның сырын ашса, мемлекеттілігімізге байланысты көп мәліметтерге қанық болар ма едік.

**ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫН
ҚҰРУШЫ
КЕРЕЙ ХАН**

4-бет

3-бет

Олжас Сүлейменов:
**«Жастардың
көзінен білімге
құштарлықты
көрдім»**

6-бет

**Маңсажайып
студенттік бал**

5-бет

**Желіде
етес
өмірде
отпайы
болмайық**



НҰРЛЫ ЖОЛ – БІЛІМ ЖОЛЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына жариялаған Жолдауын «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» деп атады.

«Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк тарапынан 2014 және одан кейінгі екі жылда әлемдік экономика дамуындағы болжам қайта қаралғаны белгілі. Сондықтан кейбір позицияларды жедел түрде қайта қарап, сондай-ақ, алдағы кезеңдердің жоспарларына түзетулер енгізу қажет. Бізде ырғалып-жырғалуға уақыт жоқ. Бүгін айтылатын шараларды 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асыру керек. Біз теріс үрдістердің алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды жедел қолдануға тиіспіз», – деген Нұрсұлтан Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында ел экономикасын нығайтуға қыруар жұмыстар атқару керектігін аңғартты.

Заман көзді ашып жұмғанша өзінің ағынымен тоқтамастан өркендеп жатыр. Осындай жағдайда жастардың бәрінен хабарсыз болып, тып-тыныш бір ағынмен аға бергеніміз дұрыс болмас. Биылғы жылғы Жолдауда жаңа экономикалық бағыты айқын мақсаттар нақтыланып, бекітілді. «Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Әлемдік экономика әлі де жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қойған жоқ. Қалпына келу өте баяу және сенімсіз қадамдармен жүрде, ал кейбір жерлерде әлі құлдырау жалғасуда», – деп Елбасы әлемдік экономикалық ахуалға баға берді. Мемлекет басшысы аталмыш бағдарламада бұл күрделі сынақтан шығу жолын да ұсынып отыр. Экономикамыздың берік болуы үшін осы Жолдаудың пайдасы орасан зор екені сөзсіз. Елбасы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында экономикалық саясатты жүзеге асыратын маңызды жеті бағытты бекітті. Құжаттағы қай бағытты алсақ та нақты бір мақсаттардан тұрады. Ал, осы мақсат-міндеттерді іске асыру үшін Үкіметке тапсырмалар жүктеліп, Қазақстан Республикасының ұлттық қорынан қаржы бөлінетін болады.

«Елдің өркенін білгің келсе, жолыңа қара» деген қағида қалыптасқан. Барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасы айрықша маңызға ие. Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек жолын жағалай қоныс тепкен», – деді Президент

Жолдауында. «Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Жолдар – Қазақстан үшін өмір желісі. Біздің кең байтақ жерімізде жолдар бойында әркезде де өмір пайда болған және дамып отырған. Біз Астанадан барлық жақтарға автомобиль, теміржол және авиациялық магистральдар тарайтындай көлік желісін құруға тиіспіз. Жүректен тарайтын артериялар сияқты. Күннен тарайтын шұғыла сияқты. Барлық аймақтар теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек», – деп атап көрсетті. Ендігі кезекте ел алдында осы жол салу, жолдың жобасын дайындау сияқты негізгі мәселелер тұр. Бұл міндеттер биылғы жылдық Жолдаудың басты бағыты әрі негізгі түйіні болды. Жолдар салу, заманауи инфрақұрылымдарды жаңарту және инновациялық индустрияны дамыту сынды алпауыт істерді жүзеге асыру жастардың да еншісінде екендігін ұмытпауымыз керек. Көп салаларда білікті мамандардың жетіспейтіндігі белгілі. Сол үшін де білім саласына ерекше көңіл аударудан Елбасы ешқашан жалыққан емес.

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» деген атауынан-ақ болашақтың негізгі тұтқасын ұстар жастарға кезек келгендігін бірден аңғарамыз. Өркімнің көкейінде ол үшін не істеу керек деген сұрақ туындауы мүмкін. «Нұрлы жол» – білім жолы. Оған тек білім арқылы жетеміз десем өте қателеспеймін. Білім алуымыз үшін де қаншама істер атқарылып жатыр. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтулы Жолдауда жас қазақтандықтарға білім беру және тәрбиелеудің маңыздылығына ерекше мән берді: «Индустриаландыру бағдарламасы шеңберінде базаларда ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысты қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағыттай отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын», – деп тағы да білім саласына деген көзқарасының басты орында екендігін

Мемлекет басшысы дәлелдеді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін экономиканың 4 маңызды энергетика, металлургия, машинажасау және мұнайхимия салалары бойынша базалық жоғары оқу орны деп белгіледі. Ал Павлодар мемлекеттік университеті индустриаландыру бағдарламасын іске асыру бойынша бекітілген 10 жоғары мектептер қатарында. Нақтырақ айтсақ өңіріміздегі білімнің қара шаңырағы атанған С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне айырықша міндет жүктеліп отыр. С.Торайғыров атындағы ПМУ студенттері үшін терең білім алып, білікті маман болуына барлық жағдайлар жасалынған. Швеция, Германия, Ресей, Латвия, Чехия және Польша мемлекеттерінің шетелдік алдыңғы қатарлы серіктес жоғары оқу орындарымен жұмыс істеу мақсатында инновациялық бағыттағы жаңа оқыту бағдарламалары бойынша жұмыс жасалу көзделуде. Демек, студенттердің біліктілігін арттыру үшін осындай жоспарлар құрылған. Ол бүтіндей бір мемлекеттің игілігі үшін жасалынған жоспар екендігін ұмытпауымыз керек.

«Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын және халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесін табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етеміз. Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын! Баршаңызға «Нұрлы Жол» Жолдауын жүзеге асыруда табыс тілеймін! – деп өз сөзін аяқтады Елбасы.

Түйін. ҚР Президентінің Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауындағы атқаратын міндеттерімізді абыроймен орындап, мемлекет игілігі үшін білімді болуымыз шарт екендігін естен шығармайық, құрметті студенттер! Нұрлы жолмен нұрлы қадамдарға аяқ басар кез келді. Іске сәт!

Ақмарал ЕРМАНТ

Амангүл Тилей,
С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»

Біз бәріміз Елбасымыздың барша Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауының күесі болдық. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша биылғы Жолдауды жылдағыдан ерте жасауына әлемдік экономикалық дағдарыс пен шикізат бағасының төмендеуі түрткі болған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халқына арнауы әрбір адамның өміріне әсер етті. Неге десеміз «Нұрлы жол» Жолдауы – бұл болашаққа бастар жол. Осы елдің әр жас азаматы Елбасы жүктеген міндеттерді үлкен жауапкершілікпен сезініп, сол бағытта елі үшін, халқы үшін еңбектенуі қажет.

Ақбота Сарыбай,
С.Торайғыров атындағы ПМУ
Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы

Нұрлы жол – Мәңгілік Елге бастар жол

Елбасымыз «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты биылғы Жолдауында елімізді экономикалық дағдарыстан қиындыққа ұшырамай шығудың айқын жолын нұсқады. Экономикалық дағдарыстың уақытша екендігін айтты. Бүгін еліміз бағыт ұстап отырған «Мәңгілік Ел» болудың нұрлы жолында барша қазақ елі жұмылған бір жұдырықтай қимылдап, ортақ еліміздің жандануына үлес қосуы керек деуі де өте орынды. Мәңгілік ел болу үшін жастар да аянбай еңбек ету керектігі сөзсіз.

Жалпы бұл Жолдауда талқыланған негізгі үш мәселе бар. Біріншісі – жол, тұрғын үй мәселесі. Екінші – білім мәселесі. Үшінші – ұлтаралық достық. Елбасымыз айтулы құжатта келесі жылдан бастап нарық бағасынан төмен мөлшерде баспана салуға көп қаражат, яғни, жағдай жасап беру керектігін жеткізді. Әрине, көпшіліктің қызу талқылануына жаңа үй бағдарламасы түскені анық. Себебі, атлмыш Жолдау әрбір қазақстандықтың тұрмысын жақсартып, еліміздің өркендеуіне бағытталған. Мемлекет басшысы қандай бастама көтерсе де барлығы да ел игілігі үшін жасалатыны белгілі. Олай болса Елбасымыздың қолдап, еліміздің гүлденуі үшін өз септігімізді тигізуге атсалысайық.

Айзат Қожабаева,
С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Елбасымыздың халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауы менің көңілімнен шықты. Себебі Мемлекет басшысы онда елімізге болашағын тайға таңба басқандай етіп тың идеяларын ұсынып отыр. Әсіресе әлеуметтік мәселелер туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар, экономика, білім саласы бойынша мақсат-міндеттер қойылды. Әсіресе, алда болатын ЭКСПО-2017 жобасына да ерекше назар аударылған. Жол құрылысы саласы Жолдаудың басты бағыты болды. Әлемдік дағдарыстан келер қатер төнген сын сағатында елдігімізді көрсететін кез келген сияқты. Нақтырақ айтсақ, ел экономикасының дамуына ықпал ететін барлық салалар сараланып, міндеттер алға қойылды деп ойлаймын. Енді осы Жолдаудың іске асуы үшін барлығымыз да үлес қосайық. Өйткені, жұмыла көтерген жүк жеңіл болады. Жаса мәңгі Қазақ елі!

Назгүл Рабилова,
С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті

Жалпыұлттық идея – құт пен береке көзі

Жаңа экономикалық саясатты айшықтайтын «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына жету жолында табысты жұмыс істеуге бағытталып отыр. Өңірлерде арнайы бағдарламалар жұмыс жасауда, ресурстар, қаржы құралдары бар. Өркім білекті сыбанып, іске кірісуі қажет.

Қазақстан әлемнің төрт бұрышына ұлттық мемлекеттілігін дәлелдеген мемлекет. Саяси мемлекетіміздің іргетасы экономикалық жетістіктерімен бекітілуде. Тіліміз бен дініміз, мәдениетіміз бен әдебиетіміз жанданып, жаңарып, Егемендігіміз баянды болып жатыр. Еліміздің өркендеу жолында бізді қыруар жұмыс күтіп тұр. Егер, осы бағдарлама да сөз жүзінде айтылып қалар болса, онда бұл өзіміз үшін қиын блмақ. Сондықтын, сөзден іске көшіп, нәтижесін күту қажет.

Жетістік кеңесе білген жерде, бірлік пен тірлік бар жерде болады. Солай болғанда ғана Елбасы өз Жолдауында атап көрсеткендей Қазақстан құт пен берекенің, ынтымақ пен ырыстың ошағына айналмақ!



ЕЛДІК ТУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕН ЕЛБАСЫ

Халқымыздың азаттық жолындағы күресінің сан ғасырлық тарихы бар. Ерлік пен елдіктің талай үлгісін көрсете білген ата-бабаларымыздың табанды күресінің арқасында бірлігін сақтай отырып, «Қазақ» деген іргелі елдің шаңырағы көтерілді. Пешенесіне талай тағдыр жазылып, қайғы мен қасірет жазған халқымыздың азаттық үшін туған ақтық бұлқынысы желтоқсан жаңғырығына айналып, әлемді дүр сілкіндірді. Сол сілкіністен бастау алған азаттық күресі 1991 жылы Тәуелсіздік болып салтанат құрды. Бұл – қазақ халқы үшін, Қазақстанды елім, жұртым деп білетін әрбір қазақтандық үшін зор қуаныш. «Тарихын біле алмаған елдің ертеңін де болжай алмайтыны, болашаққа еркін жүре алмайтыны да анық», – деп қазақтың бір туар азаматы Олжас Сүлейменов айтқандай, әр адам ертеңін білуі қажет. Енді міне, оның бәрін тарихтың еншісіне жіберіп, болашаққа Елбасымызбен нық қадам басып келеміз.

Өмірде жұлдызы биік тұлғалар болады. Басына қандай ауырлық туса да, «қолымнан келмейді» деп шегінбей, қайрылған қылыштай қиынға салған сайын өткірлене түседі. Осындай тұлғалардың бірі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Оның талмайтын еңбекқорлығы, қайратты мінезі және сарқылмайтын ақылының арқасында еліміз биік шыңдардан көрінуде. Елбасымыздың ерен еңбегінің арқасында Қазақстанның бүкіл әлемге танылуы, шашылып кеткен қандас бауырларымыздың атамекеніне шоғырлана бастауы, Астана қаласының сәулеттенуі, бәрі-бәрі тәуелсіздігіміздің әр күні емес, әр сағаты жаңалыққа, игі істерге ұласып жатқанының айқын дәлелі. Тәуелсіздіктің туын тіккелі де жиырма жылдан асыпты. Осы уақыт ішінде қазақ деген халықты төрткүл дүние таныды. Өзге жұрт мол сыйласа білгенге құшағының кең екеніне көздері жетіп келеді. Қанаты жаңа-жаңа қатайып, топшасы бекіп келе жатқан елдің ертеңі – біз, бүгінгі жас ұрпақ. Жастарға өркениетті елдердің дәрежесінде білім беріп, келешектің тұтқасын ұстату басты міндет. Бұл сала байынша Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей қолдауымен көптеген игілікті істер атқарылып жатқанына куә болып жүрміз. Көзі ашық, көреген халқы бар ел қуатты. Мемлекет басшысының жұмыр жер бетіндегі елдердің жастары арасында қара көзді ұландарының көзі ашық, көкірегі ояу, ойы өскін болғанын

қалары анық. Дәл осындай мақсатпен «Болашақ» бағдарламасы жастардың шығармашылығын арттырып, шетелдерде білім алуға мүмкіндік береді. Өзге елде білім алсақ та, өз Отанымыздың болашағына үлес қосу-әрбір келешек ұрпақтың санасына ұялауы тиіс. Шетелдердің сәулетті қалаларынан қалыспай, біздің Отанымыздың жүрегі – Астана қаласы гүлденіп, көркейіп келеді.

Көз қуанып, күн сайын көркеюде, Көңіліміз сенеді ертеңіңе. Қазақстан – алып ел, төрі – Астана Тағым ғана лайық Отаныма, – дегендей, бүгінгі Астана өзінің қайталанбас көркемдігімен, әдемі ғимараттарымен тәуелсіз еліміздің бренді болып қалыптасты. Қиын-қыстау күндерді артқа тастап, әлемдік өркениетке бет алдық.

Еліміз Атырау мен Алтайға, Алатаудан Арқаға дейінгі туған өлкенің байтақ даласына тау-кен байлықтарына бай. Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен туризм саласына көп көңіл бөлініп, елімізде туризм қарқынды түрде дамып келе жатыр. Мен елімнің өркениетті елдер қатарына қосылып келе жатқанына қуаныштымын. Әлемдік деңгейдегі спорттық олимпиадалар, кездесулер, саммит өткізіліп жатқанының өзі үлкен мәртебе.

Елімізді өркендетіп, құбыламыз тең, әскеріміз мықты, тәуелсіз Қазақстанды беріктігі Нұрсұлтан Назарбаевтың Көшбасшылығымен тікелей байланысты. «Бірлік түбі-тірлік» деген қағиданы ескере отырып, дау-дамайды қойып, бір

жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тығырықтан шығып, жеңіске ұмтылған Елбасымыз әлемдік саясат айдынында да өзіндік ұстанымы мен пікірін баршаға көрсете білді. Сейітқали Мәдуан ағамыз:

Нұрсұлтанның нұрлы жолы – дара жол, Болашаққа алып барар сара жол. Тарихынан тағылым алған халқымның, Бақытына бастау болар дана жол, – деп өлең шумақтарында айтылғандай, Елбасымыздың еселі еңбектері тарих сахнасынан өшпесі анық. Қоғамның бір бөлшегі атанып, ақылымен абыройын асқақтатар игі істер атқару, ұлттық намыс пен абыройды қолдан бермей, өз ұлтының тірегі болуы әр пенденің қолынан келе бермесі аян.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда Нұрсұлтан Назарбаев жоқтан бар жасап, өз Отанының жанашыры екенін дәлелдеп, алға қойған мақсатына айқын жетті. Елбасымызға зор денсаулық, табысты еңбек пен шыдамдылық тілеймін! Өрқашан бейбіт аспанда көк туымыз желбірей берсін! Елбасымыз аман болып, Қазақстан елі айбарлы барыстай, көкжал бөрідей әлемге паш етілсін!

Назгүл РАБИЛОВА



ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ ЖЕТІНШІ ҰРПАҒЫ - ОЛЖАС

2014 жылдың 28 қарашасы күні С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде ақын, әдебиеттанушы, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси қайраткері, Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы уәкілі Олжас Сүлейменовпен шығармашылық кездесу өтті.

Былтыр Нью-Йорк университеті Олжас Омарұлын әлемді өзгертуге ықпалды дүниежүзінің 22 ғұлама ойшылдарының қатарына қосты. Олжас Сүлейменовтей адам жаһанға ықпал етпеуі мүмкін емес. Олжас Сүлейменовтің жаһандық еңбегін әлем де мойындауда.

Әлемге ықпалды, ел мақтанышы болған тұлғаның Павлодар мемлекеттік университетінің студенттері мен профессорлық-оқытушылар құрамымен кездесуі біз үшін зор ғанибет деп білейік.

Кездесу аясында Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, С. Торайғыров атындағы ПМУ профессоры, Е.Бекмаханов атындағы өлке тарихы және этнографиясының ғылыми-практикалық орталығының аға ғылыми қызметкері Бижан Жұмасейіт Олжабай батырдың құрметіне арналған «Шарапатты Олжабай» атты кітаптың тұсаукесерін ұсынды. Ол өз баяндамасында:

– Бұл кітаптың соңғы «Ұрпағымен ел көгерер» бөлімінде

Олжабайдың кіші інісі Омардан тараған халқымыздың жарқын тұлғалары туралы жарияланған басылымдар мен өткір публицистикалық мақалалар берілді. Онда әнші, композитор Жаяу Мұса Байжанұлы, Олжабайдың шөбересі танымал академик Әлкей Марғұлан және қазақтың дарынды ақыны, жазушы, ғалым, ел қамын ойлайтын қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің есімдері баяндалған, – деді Жұмасейіт Қоғабайұлы.

Олжас Сүлейменов білім ордасында сөйлеген сөзін «Бұл жер маған ерекше қымбат. Өйткені бұл жер – менің атамның, бабамның мекені», – деп бастады. Әкесі Омардың отаны Ертістің Павлодар өңіріне жазушы әрдайым ерекше сезіммен аяқ бастатынын атап өтті.

Олжас Омарұлы Павлодар мемлекеттік университетінің студенттік жастарымен ашық та танымды әңгіме құрды. Студенттер әлемге танымал қайраткерге оның дүниені дүр сілкіндірген атақты кітаптары мен туын-

дыларын, жаһанға әсер еткен бейбітшілік еңбектері мен тарихи деректерге негізделген ғылыми тұжырымдамаларын білуге асықты. Мысалы, жастар тарпынан мынадай сұрақтар қойылды:

– **Бүгінгі күні «Азия»-да көтерген мәселелерге көзқарсыңыз өзгерді ме?**

– Өзгерді дегеннен гөрі бұл тақырып менің санамда даму үстінде деуге болады. Бүгінгі күні «Азия»-да қозғалған славян және түрік тілдерінің тарихын одан тереңірек ашып берер едім. Жалпы сөздің мәнін ашуға талпыну керек. Өйткені сөзде адамзаттың тарихы бейнеленген. Сөз – өткеннен жеткен артефакт.

– **Сіз әрбір адам оқуға тиісті бір кітапты айтсаңыз?**

– Менің қолымда болса, бір кітап емес 100 яки 1000 кітаптар тізімін берер едім. Бүгінгі күні жастар арасында кітап оқымау сынды мәселе белең алып тұрғаны белгілі. Мен бұл мәселеге компьютер немесе ұялы телефонды ғана кінәлауға асықпас едім. Бір жағынан біліктің де ықпалы болды. Өйткені, компьютерге өтуді тым ерте бастап кетті. Балалар амалсыздан техникаға жақын болып келеді. Ресей ғалымдары әр адманың оқуға тиісті 100 кітаптарының тізімін жасаған. Бізге де солардан үлгі алып, сондай тізім жасау керек шығар.

– **Адамзаттың мәдени құндылықтары қатарына ЮНЕСКО қазақтың күйі мен киіз үйін енгізіпті. Алдағы уақытта қазақтың қасиетін сақтау мақсатында ЮНЕСКО-ның адамзаттың мәдени құндылықтары қатарына кірер қандай бұйымдарды атар едіңіз?**

– Біз қазақтың киіз үйі мен күйінен бөлек таңбалы тасты, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Қорғалжын қорығы мен Қорғалжын көлі т.б. осы сынды қасиетке толы дүниелерді ұсынған болатынбыз. Ал киіз үйдің 6000 жылдық тарихы бар сәулет құрылыс өнеріндегі теңдессіз құрылыс болып саналатынын әлем біледі. Алдағы уақытта қазақтың басқа да дүниелері адамзаттың мәдени жетістігі ретінде таныла береді деп сенемін.

– **Кезінде жазған «Адамға табын жер, енді» поэмаңыздың атауы бүгінгі күні «Адамға табын жер анаға» дегенге саяды Сіз қалай ойлайсыз?**

– Әрине, бүгінгі адам жерге табынуы керек. Жер – бізді тамақтандырушы, адамның «туған жері» ретінде табынуға тұрарлық. Ал поэманың бұрынғы атауы маңыздылығын жойған жоқ. Алайда, уақыт ағымына қарай адам өзгеруде. Жерге адамдар өте ауқымды зардап тигізіп келеді. Техника жылдам қарқынмен дамып, адам ғарышты бағындыруда. Бұл адамзат үшін өте қорқынышты. Адамзат енді сондай жылдамдықпен гуманитарлық және адамгершілік бағытта дамыса одан да осы игі болар ме еді деймін. Жерді табындыруға деген құлшынысының құны зор бола ма деп қорқамын.

Кеш соңында С.Торайғыров атындағы ПМУ ғылыми жұмыс және инновация жөніндегі ректоры б.ғ.д., профессор Нұрлан Ержанов Олжас Сүлейменовке «С.Торайғыров атындағы ПМУ Құрметті профессоры» атағын табыс етті. Сондай-ақ белгілі



жазушыға қазақтың игі дәстүріне сай шапан жабылып, Сұлтанмахмұт Торайғыров энциклопедиясы мен жаңа жарық көрген «Шарапатты Олжабай» атты кітабын сыйға тартты.

Жастармен кездесуден көңілі серпілген жазушы білім орда студенттеріне былайша сөз арнады:

– Мен үшін «Шарапатты Олжабай» кітабы ең қымбат сыйлық болды. Мен 1963 жылы осы туралы өзімнің еңбегімде жариялағанмын. Менің жетінші атам Олжабай бір кездері былай деген екен: «Болашақта менің жетінші ұрпағым «білге» (яғни, білімді) болады. Бізге жоңғарлармен күресте білім жетпеді». Күш пен өжеттіліктің арқасында олар жеңіске жетіп, қазақ жерін бүгінгі ұрпаққа қалдырды. Сол кездің өзінде білімнің адам үшін қаншылықты маңызды екенін аталарымыз түсінген. Міне, мен Олжабай батырдың жетінші ұрпағы білім арқылы көп жетістікке жеттім. Қазіргі уақытта білім арқылы зор табысқа жетуге болады. Сіздердің көздеріңізден де мен білімге деген құштарлықты көрдім, – деп қоштасты қазақтың дара ұлы Олжас Сүлейменов С.Торайғыров атындағы ПМУ студенттерімен.

Жанар ЕЛЕШОВА



Ақ киізге отырғызып хан көтерді

Шайбани әулетінен шыққан Дәулет шайхтың баласы Әбілқайыр ханның көк кесене төңірегіндегі шайқаста ойрат әскерінен жеңілуі – Барақ ханнан кейін биліктен айрылған Өріс хан әулеті сұлтандарының бас көтеріп, жеке бөлініп шығуына мүмкіндік туғызады. Осы мүмкіндікті пайдаланған Өріс ханның ұрпақтары – Болатұлы Керей мен Барақ ұлы Жәнібек өздеріне қарайтын тайпаларды бастап, Әбілқайыр хандығынан бөлініп шығып, Моғолстан жеріне кетеді. Онда оларды Моғолстан ханы Есенбұға аса құрметпен қабылдап, өз мемлекетінің батыс жағынан Шу бойы мен Қозыбасы өңірін оларға бөліп береді. Осы арада олар жаңа Қазақ хандығының шаңырағын көтереді. Бүгінгі тарихи деректерге сүйенсек 1458 жылдың көктемінде Хан тауында Керейді ақ киізге отырғызып, хан көтерді.

Қазақ хандығы

Ал Әбілхайыр хандығында 1468-1969 жылы Әбілхайыр хан қайтыс болып, оның ордасында таққа талас басталады. Тақ таласы Керей мен Жәнібектің өз еліне қайта оралып, мұндағы күреске белсене араласуларына мүмкіндік береді. Әбілхайырдың ұлы, ханның мирасқоры Шейх-Хайдардың жеңіліп, қызметшілерімен бірге қырылуы – ұлыстағы бар биліктің Керей ханның қолына көшуіне жағдай жасайды. Осы кезден бастап Қазақ хандығы іргелі мемлекетке айнала бастайды. Моғолстан ханымен бірлесіп, ойрат тайпаларына қарсы күреседі. Жәнібек хан мен Керей хан Жетісу өңірі, Шу мен Талас өзендерінің бойын мекендеген қазақтардың басын қосуда зор еңбек сіңірді. Бұл мақсатпен олар өзара қырқысуларды басып, ірі феодалдарды маңайына топтастырды. Керей хан немере інісі Жәнібекпен біріге жас мемлекеттің іргесін бекітіп, хандығының дамуына көп етер төгеді.

Керей хан – Қазақ хандығының негізін қалаған тарихи ірі тұлғалардың бірі. Өріс ханның немересі Болат ханның жалғыз ұлы. Керей ханның шығу тегі Жошы ханның үлкен ұлы – Орда Еженнен бастау алады.

Биліктің Өріс хан тұқымдарының қолына өтуі де «Көшпелі өзбектер мемлекетіндегі» саяси жағдайды өзгерткен жоқ. Дегенмен, бұл оқиға «Көшпелі өзбектер мемлекеті» атының Дешті-Қыпшақ болып өзгеруіне ықпал етті. Бір кездері Моғолстанға қоныс аударған адамдар Өзбек ұлысында «қазақтар» деп атала бастады және бұл атау бүкіл хандыққа тарай бастады. XV ғасырдың орта шенінде ежелден Жетісу өңірін мекендеген түркі тайпалары бір этникалық топқа бірікті де, қазақ халқын құрады.

Дерек көздері

Керей хан туралы XV ғасырдың ортасына дейін ешбір жазба деректер кездеспейді. Ол туралы дерек жазба беттерінде артынан ерткен бір топ қазақ хандығының халқын бастап Шу және Қозыбас жеріне бастап келуіне байланысты орын алады. Қазақ хандығы туралы бізге жеткен жазба деректердің бірі – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі. Бұл еңбек негізінен Моғолстан мемлекеті тарихына арналған. Десек те сол кездегі тарихи, саяси жағдайларға байланысты «Тарих-и Рашидиден» Қазақ хандығына қатысты деректер кездестіруге болады. Қазақ хандығының құрылуына 1457 жылдан кейінгі Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр ханға наразы бір топ халықты бастап батыс Жетісу жеріндегі Шу мен Талас бойына көшіп кетуі осы еңбектен белгілі еді. Керей хан есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472-1473 жылдары Жүніс хан ордасына Бұрыш оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Соған қарағанда Керей хан 1470 жылдың бас кезінде қайтыс болған.



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫН ҚҰРУШЫ КЕРЕЙ ХАН

Бүгінгі әңгіме Қазақ хандығының негізін қалаушы Керей хан туралы болмақ. Керей хан билеген халықты алғаш рет «қазақ» деп атағанын тарихтан білеміз. Өкінішке орай Керей хан туралы да, «қазақ» атауының төркіні турасында да тарихи деректер жоқтың қасы. Тарихшылар бұл құпияның сырын ашса, мемлекеттілігімізге байланысты көп деректерге тап болар ма едік.

Орда Ежен, оның ұлы Сасы бұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай және оның ұлы Өріс хан болып жалғасады.

Аңыз бойынша Керей хан Қазақ хандығын 10 жылдай билеген екен. Дүниеден озғаннан кейін Хан тауы етегінде жерленген. Тарихи материалдарда Керей ханның хандық билікті ұлы Бұрындыққа бергені туралы, Керей ханның өзбек ұлысын басқарған кезеңі, оның тағдыры қай уақытта, қандай жағдайларда қаза болғаны туралы нақты мәліметтер көрсетілмеген.

«Қазақ» атауы

Алғашқыда қазақ хандығының аймағы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің бойы еді. Міне, нақ осы аймақта тарихи деректерде тұңғыш рет «Қазақ» деген атау қолданылды. Ежелден осы мекенді мекендеген қазақтың ұлы жүз тайпалары Дешті-Қыпшақтан қоныс аударған қазақ тайпаларымен етене араласып кетеді. Әбілхайыр хандығындағы аласапыран соғыс салдарынан алауыз болған қазақ халқы бұл араға келіп ес жиып, етек жауып, экономикалық тұрмысы түзеле бастады. Мұны көрген Дешті-Қыпшақ көшпенділері Әбілхайыр хан қоластынан шығып, бөгеуін бұзған судай ағылып қазақ хандығына келіп жатты. Бұлар жаңадан құрылған Қазақ хандығының үкімет билігін нығайтып, оның беделі мен әскери, саяси күш-қуатын арттыра түсті. 1468 жылы қыста Әбілхайыр хан қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа аттанды, бірақ сапары сәтсіз болып, жорық жолында қаза тапты. Әбілхайырдың қаза болуы қазақ хандығының нығаюына және жер көлемінің кеңеюіне үлкен септігін тигізеді. Әбілхайыр өлгеннен соң оның елінде қырқыс басталып, хандық ыдырай бастады. Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды, ірі шиеленістер басталды. Оның көпшілік бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті. Мұндай тиімді жағдайды уақытында пайдаланған қазақ хандары Керей мен Өз Жәнібек бұдан он екі жыл бұрын өздері ауып кеткен ата қонысы Дешті-Қыпшаққа қайта оралды.

Керей ханның қандай жағдайда, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жоқ. Керей ханның үш баласы болды. Олар: Бұрындық хан, Қожа Мұхаммед және Сұлтан Әлі. Олардың ішінде 30 жылдан астам Қазақ хандығын билеген Бұрындық ханнан соң тақ билігі түпкілікті түрде Жәнібек ханның ұрпақтарының қолына өтеді. Керей ханның қалған екі ұлы жөнінде деректер кездеспейді. Ал «Фатхнама», «Шайбанинаме» деректерінде тек қана Жәнібек ханның есімі кездеседі.

Тарихшылар дерегі

Мысалы белгілі тарихшы Берекет Кәрібаев былай дейді: «Қазақ хандығының құрылу тарихына байланысты жазылған тарихи зерттеулер мен әдебиеттердің бәрінде хандықтың негізін салушылар – Керей мен Жәнібек хандар деп айтылатыны белгілі. Дерек мәліметтерінде көрсетілгендей, «олардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Жетісудағы Моғолстан атты хандыққа келуімен Қазақ хандығы құрылды» деген пікірді зерттеушілердің бәрі мойындайды. XIX ғасырдың ортасында айтылған бұл пікір қазіргі күндерге дейін тек даму үстінде болды. Бірақ та осы саяси үрдісте жетекші рөл атқарған тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандар туралы зерттеулер толық жүргізілмей, олар туралы біліміміз тек дерек мәліметі деңгейінде қала берді. Оған себеп – деректік мәліметтердің мардымсыздығы. Қазіргі күнде заман талабы өзгеріп, өз тарихымызға қайта үңілгенде, алғашқы хандарымыздың тарихын, олардың атқарған рөлін көрсетуге осы себеп қолбайлау болады да тұрады. Мардымсыз деген – тіпті жоқ деген емес, аздау, бірен-саран деген мағынада. Олай болса, қолда бар деректерге сүйеніп, ұлттық мемлекетіміздің іргетасын қалаушылардың ел тарихындағы алатын орнын неге ашып көрсетпейміз?!». Рас Керей хан туралы деректің аздығы тарих қойнауындағы қалған деректемелердің ашылуына тұсау болуда.

Ел тарихшылары Махмуд бен Уәлидің жазуы бойынша, алғашқы қазақ ханы Керей хан болғандықтан, қазақ хандығының алғашқы ханы Керей ханнан бастайды.

Жазба деректер мен тарихи зерттеулерде алғашқы қазақ ханының есімі – Гирей, Герей, Кирай, Керей түрін-

де кездеседі. Қазақ тілінде жазылған әдебиеттер мен зерттеулерде соңғы есім жиі және тұрақты пайдаланылатындықтан, тарихшылар осы есімді өз зерттеулерінде қолданады.

Бұл сөздің түп-төркіні мен мағынасына келсек, В.Бартольд ол жөнінде былай деп жазады: «Өзінің деректерін көрсетпей, Ахмед Вефик-паша өз сөздігінде «гирей» – моңғол сөзі, моңғолша «гарай» делініп, «еңбегі сіңген», «лайықты», «құқылы» деген мағынада қолданылады». Қазіргі кезде Моңғолиядан тарихи Отанына қоныс аударған және көне моңғол тілін жетік білетін бауырларымыз бұл сөздің мән-мағынасы жөнінде «гарай» – көне моңғол сөзі, оның екі мағынасы бар, біріншісі – «биік», «еңселі», «алып» дегенді білдірсе, екіншісі – «ержүрек», «батыл», «еркін», «берік» деген мағынаны білдіретінін хабардар етті. Араб тілінде бұл мағыналардың «хайдар», «ғайдар» деген сөздермен берілетінін ескере келе, моңғол тіліндегі – «керей» сөзі мен араб тіліндегі – «хайдар» сөздерінің мағынасы ортақ, бірдей деген қорытындыға келеді тарихшылар.

Мұндай есімнің Алтын Орда дәуіріне дейінгі араб, парсы тілдеріндегі шығармаларда кездеспеуіне және де тек қана осы дәуірде ғана Шыңғыс ұрпақтары мен көшпелі қоғамның жоғарғы тобы арасында жиі кездесуіне қарағанда бұл сөздің түп-төркіні моңғолдық, ал мағынасы жоғарыда айтып өткен «ержүрек», «батыл», «алып», «берік» деген мағынаны білдіреді деген пікірді тарихшы Берекет Кәрібаев қолдайды.

Сөзтүйін. Тарихтан білеріміз Керей хан мен Жәнібек хан Тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалануына себепші болды. Ал біз – бүгінгі ұрпақ бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз. Бүгінде біздің еліміз барлық таяу мемлекеттермен көпғасырлық достық және тату көршілестік дәстүрлерін сақтап келеді. Керей хан бабамыз осынау ұлан-байтақ аймақты мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып, біртұтас мемлекет етіп біріктіруде үлкен рөл атқарды. Осындай батыр бабаларымыздың арқасында біз ұлан-ғайыр жерде тыныш, бейбіт өмір сүріп жатқанымызды ұмытпағанымыз жөн.

Амангүл ТИЛЕЙ



ЖЕЛІДЕ ЕМЕС ӨМІРДЕ ОНЛАЙН БОЛАЙЫҚ



Әлеуметтік желілер. Бүгінгі таңда «ВКонтакте», «Instagram», «Facebook», «Twitter» желілерін миллиондаған адамдар пайдаланады. Оларды пайдалану, күнінде бір емес, сағаттап отыру көбіміздің әдетімізге айналған. Соңғы жылдың мәліметтеріне сүйенсек, «Одноклассники», «YouTube», «Мой мир» қазақстандықтардың ең көп пайдаланатын әлеуметтік желілері болып шықты.

Желілер тарихы жайлы

Әлеуметтік желілердің тарихына үңілсек чатта сөйлесіп, файлдармен алмасу үшін ең алғаш 1988 жылы IRC (Internet Relay Chat) пайда болды. 1990 жылдардың ортасында ICQ келіп, IRC-ның орнын басты. ICQ – Mirabilis компаниясының жемісі. Бүгінгі таңда ICQ Mail.ru Group корпорациясының құрамында. Бұл желіні әлем бойынша 23, 4 миллион адам қолданады. ТМД елдері әлеуметтік желілермен 2006 жылдан бастап пайдалана бастады. ТМД тұрғындары арасында ең танымал – «ВКонтакте» желісі.

Пайдасы vs зияны

Күн сайын осыны жазып жатқан мен де, оқып жатқан сіздер де әлеуметтік желілерге кіреміз. Мойындамаудың несі бар, желілер – өміріміздің бір бөлшегі болды. Хат жазысамыз, түрлі видео, кино көреміз, музыка тыңдаймыз. Жаман емес, жақсы, тіпті керемет қой! Солай күннен күнге... Қалай тәуелді болып кеткенімізді байқамаймыз. Танитын, танымайтындарды «дос» деп қоямыз. Шын достарымыз қайда қалды? Тындыратын қанша шаруа бар, көрер қанша қызық бар. Өмір деген мәңгі емес екенін

желі ұмыттыратын секілді. Ия, жақсы жағы да бар мұның: уақыт үнемдейміз. Жұмыс жасап жатқанда құжаттармен алмасу, алыс жақтағы туғаның не досыңмен амандасуға, хат-хабар алмасуға болады. Бірақ теріс жақтары да баршылық. Өсіресе денсаулыққа әсері, көзімізге көп зиян келеді.

Selfie

Жақында америкалық психиатрлар ассоциациясы сэлфиға түсе беру әдетін ауру, психикалық ауытқу деп ресми жариялады. Бұл індетке шалдыққан адамдар күнінде кем дегенде 3 рет өзін фото суретке түсіреді деп жазылған.

«Selfie» сөзінің мағынасы – «өзін-өзі» дегенді білдіреді. Бұл сөз ағылшын сөздігінде 2013 жылы «Жыл сөзі» деп танылды. Яғни халық арасында бұл сөз ең көп қолданыста болды деп түсінсек, әбден болады. Әдетте, сэлфи жасап жатқан адамдар айнаға қарап,

«duckface» (үйректің бетін) жасап, ернін шошайтып түседі. Жастар арасында қазіргі кезде «Instagram» әлеуметтік желісі танымал болуда. Бұл желіге тіркелгендер өзінің әрбір қадамын суретке түсірумен ерекшеленеді. Тұрып жатқан үйі, жатқан төсегі, ішкен асы – барлығын түсіреді. Ал достары бұл фотоларға «лайк» басып, яғни дауыс береді. Қазіргі инстаграммерлер мен өзге әлеуметтік желі сүйгіштердің көбі «Лайк басшы, лайк басшы!» деп зу-зу етіп, маза бермейді. Бұл жеке әңгіме.

P.S. Қалай қарсыласқанмен, әлеуметтік желілер біздің өмірге енді. Теріс жақтары да, жақсы жақтары да баршылық. Алайда, әлеуметтік желілер өмір емес, «лайк» соншалықты мәртебе емес. Сондықтан да, «лайк» жинағанша, сауап жинайық, достар!

Алина АБИШЕВА

Салтанат Мамилина, студент

Әлеуметтік желілерден тек «Whats up»-ты қолданамын. Бұрын басқа да желілерді қолдандым. Қызығушылығым жоғалғандықтан жеке парақшамды жойдым. Жалпы әлеуметтік желілерге қарсылығым жоқ. Оқу кезінде әжептеуір септігін тигізеді.

Жүнісхан Дәурен, студент

Мен «Whats app» «ВКонтакте» әлеуметтік желілерінде отырамын. Мұнда жаңа музыка іздеп, достарыммен сөйлесіп, керекті мәлімет іздеу үшін боламын. Әлеуметтік желілер керек нәрсе, бірақ оларды шектен тыс пайдалану зиян.

Нығман Гүлнар, студент

Әлеуметтік желілерді мүлдем пайдаланбаймын. Кейбірі оқуды сылтау қылады, ол үшін ғаламтор емес, кітап керек қой. Желілерде отыру – уақыттыңды өлтірумен тең қой. Жеке қызығушылығым бар, кітап оқып, достарыммен кездескенді ұнатамын.

ШАРА

Қараша айының 22 жұлдызы облыстық Шаңырақ халық шығармашылық орталығында Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің 85 жылдық мерейтойына арналған «Ғасырды жалғап ғасырға» атты аймақтық ақындар айтысы өтті.

ҒАСЫРДЫ ЖАЛҒАП ҒАСЫРҒА

Павлодар облысының рухын асқақатып, көз қуанышы мен сөз жұбанышына айналған халқымыздың бас басылымы биыл 85 жылдығын тойлап отыр. «Сарыарқа самалының» ұйымдастырылуымен өткен бұл айтысқа облысымыздың дүлдүл 18 ақыны қатысқан болатын.

Павлодар қаласының намысын Қуаныш Шарманов, Оңғар Қабден қорғады. Екібастұз қаласының туын көтеріп шыққан ақындар Алмагүл Жүгінісова, Рауан Қайдаров болды. Ақтоғай ауданынан Абзал Абдыраш, Бейбіт Бөжен, Бейсенбі Мұқажанов, Баянауыл ауданынан Жұмкен мен Тілек Сейтовтар, Қанат Ақатов, Ақсудан Сансызбай Абдуллин, Павлодар ауданы атынан Қанат Шайғазин, Ертіс ауданынан Амангелді Бақбай, Павлодар ауданынан Гүлшекер Батай, Қайрат Нұрмағанбет, Шарбақты ауданынан Мұратбек Саяхат және Кашыр ауданынан Балғынбек Мақсатхан қатысқан еді.

Айтыс өте қызықты өтті. Мысалы, есімі елімізге танымал Қуаныш Шарманов пен

Рауан Қайдаровтың тағылымды тартысының үзіндісін ұсынсақ:

Қуаныш Шарманов:

«Жырларын тыңдар ақындар сөзін,
Ассалумағалейкум ағайындар!
«Сарыарқа самалы» газеті қуанып
жатыр екен оқырманды,
85 жылдық тойына шақырыпты
85-ке дейінгі ақындарды».

Рауан Қайдаров:

«Басымызды қосатын жарыс екен,
Шыдамдының жүрегі түкті болар,
Ассалумағалейкум Кереку!
«Сарыарқа самалы» тойына
жиналыпты,
«Сарыарқа самалынан» түлеген
ақындары».

Қуаныш Шарманов:

«Сарыарқаның бүгінгі тойына,
Муфтияттың атынан келіп
тұрмын.

Бұл «Сарыарқа самалы» сергітеді
сананы,
Бұл жерде ұшталған талайлардың
қаламы,

Айналайын бауырым,
Мен де сендей болғанмын,
Сен де мендей боласың,
Не нәрсеге көп күлсең соған
ұқсап қаласың!».


«Сарыарқа самалы» газеті «Қызыл Ту» болып жарық көрген жылдары ұзақ жыл еңбек етіп есімдері тарихта қалған сөздің шырайын кіргізіп, қалам тербеген қазіргі халыққа есімдері белгілі болған есімдердің атымен әр айтыскер ақынға арнайы номинациялар берілді.

Қажымұрат Смағұл, Қаһарман Нұртаза, Кәрімұқан Бекбергенов, Есентай Ергодин, Иран Асылғазин, Әкі Абдіқадыров, Амангелді Қаңтарбаев, Жанат Тұрғанбеков, балалар әдебиетінің өкілінің бірі және биыл 90 жылдығын тойлап жатқан газетте ұзақ мерзімде тілші болған Мубәрәк

Жамағалиев, Төлеужан Исмаилов және боямасыз өмір, отбасы оның ошақ қасы жайлы жазған Жұмаш Хакимов атындағы номинациялары бүгінгі күннің тапқыр да талантты айтыскер ақындарына берілді. Павлодарлық Қуаныш Шарманов, Екібастұз қаласының үмітін арқаалаған екі ақын Рауан Қайдаров пен Алмагүл Жүгінісова және Ақтоғайлық Абзал Абдыраш айтыс финалына жолдама алған болатын.

Айтыстың финалы өте тартысты өтті. Ақтоғай ауданының тумасы Абзал Абдыраш 3 орынды иеленді. 2 орын иегері Павлодарлық Қуаныш Шармановқа бұйырды, 1 орынды Екібастұз қаласының намысын қорғаған Алмагүл Жүгінісова жеңіп алды. Ал бас жүлде Екібастұздық Рауан Қайдаровтың қанжығасында кетті.

Назгүл ОСПАНОВА



Манжажайып студенттік бал

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенттері студенттік өзін-өзі басқарудың шеңберінде жастар ісі жөніндегі комитеті мен студенттік ректорат белсенділерінің ұйымдастыруымен тұңғыш рет «Студенттік бал» өткізді.

Бүгінгі студенттік балда кез келген жан бидің таңжайып әлемінің есігін ашты. Сұңғыла бойлы бозбалалар мен сұлу бойжеткендер веналық ертегі кейіпкеріне айналғандай. Бір кездері оркестрмен қонақтарды күтіп алу – бал өткізудің дәстүрі саналған. Бүгінде сол өткен күнгі игі дәстүрмен оркестрдің тамылжыта салған әуенімен қонақтарды күтіп алды.

Студенттік балдың құрметті қонағы болып С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор Серік Өмірбаев болды. Ол студенттерді би балының тұсау кесерімен құттықтады. Серік Мәуленұлы өз сөзінде Павлодар мемлекеттік университетінде студенттер сапалы білім алумен қатар шығармашылық бағытта жанжақты дамуына мүмкіндіктер жасалғанын атап өтті.

Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Ақбота Сарыбайдың айтуынша бұл шараға ұйымдастырушылар көп уақыт бойы байыппен дайындалған. Мәселен, ұйымдастырушылар дебютанттар үшін кастинг өткізу, бал этикетін меңгеру және маңыздысы классикалық би өнерін игеру сынды жұмыстарды атқаруға тура келген. Күнделікті басты вальс пен полонеза билерін меңгеру үшін бишілермен дайындықтар өткізілді.

Қатысушылардың сәнді киімдері XIX ғасыр мәнері мен рухында өткен би балының салтанаты мен шырайын келтірді. Өйткені дебютанттар кешкі дресс-код талабына сай киінуі тиіс болатын.

Көрермендер мен әділ қазылар алқасы назарына классикалық би үлгілері, оның ішінде полонез, полька, мазурка билері ұсынылды. Кештің екінші бөлімінде дебютанттар би, сахналық образ және вокалдық дарындарын байқайтын өздерінің үй тапсырмаларын орындады. Сондай-ақ, кеш бағдарламасында С.Торайғыров атындағы ПМУ студенттік филармонияның би топтары мен әншілері өнер көрсетті.

Мұнымен қоса, кеш бағдарламасы шеңберінде «Көрермен көзайымының Ханзадасы мен ханшайымы», «ЖІК Ханзадасы мен Ханшайымы» номинациялары бойынша жүлделер табыс етілді. Сонымен қатар, қосымша дауыс беру арқылы ғаламтор бйынша «Ханзада мен Ханшайым» иегерлерін анықтады. Ал «ПМУ Ханзадасы мен ханшайымы» атанған Алмас Мәжит пен Махаббат Қанабекова болды.

Бұл кеште сыйлық алмаған жандар болмады. Студенттік балға қатысқан бозбалалар мен бойжеткендердің барлығы демеушілердің ұсынған құнды сыйлықтарына қарық болды.

Жаңаның бәрі – бір кездері ұмытылған ескінің көзі екені белгілі. Асылыныда, бүгінгі заманауи заманда бұрынғы өткен дәуірден жеткен дәстүрлердің құндылығы басым болады. Бүгінгі кеште сымбатты ханзадалар мен сұлу ханшайымдардың билері ақсүйектік талғамның, әдемілік пен сән-салтанаттың көрінісін айшықтады.

Жанар Елешова



О, ПОЭЗИЯ!

Жүнісхан Дәурен,
С.Торайғыров атындағы
ПМУ студенті



Ой елегінде

Аңсаған бабам тәуелсіздіктің өр рухын,
Қол жетіп соған мақтанар бүгін жайдамын.
Азабын еді аз емес көрген, шыдаған,
Қазағым енді түспесін мәңгі байрағың.

Жеткізіп міне кезеңге мынау қадам сап,
Қазаққа қазақ жаны ашымайтын сараң шақ.
Кей шақта соны сүзгіден ойдың өткізем,
Ақ парақ пенен серік қып қолға қаламсап.

Шынымен қазақ жоғалды қайда тектілік,
Басқа ұлт жүр, сыртыңнан бізге тек күліп.
Өзгеміз түгіл өзіміз жүрміз тіл білмей,
Кеңестен қалған арбаны әлі жектіріп.

Талайды аңсап арманда кеткен Қайраттар,
86-ның Сәбирасы менен Ләззаттары.
Қазақтың халі ойыңа сіңген уақытта,
Азаптың әні бойыңа сіңген қазақтар.

Қазақтың рухы асаудай мәңкіп тарпыған,
Айырып сол кез қаймақтан бізді, сарпыған.
Қазіргі қазақ үркек аң құсап жалтақтар,
Осыған күйіп, ішімді жалын шарпыған.
Көшінді түзеп кетемін десең дәл бүгін,
Жастардан баста дегенге қазір талпынам...



Айланыш Бекболқызы,
С.Торайғыров атындағы
ПМУ студенті

Бабалар мұрасы

Тұнығындай теңіздің терең ойлы,
Асқар таудай алдына мақсат қойды.
Алып күштің иесі бабаларым
Ұрпағы үшін тарихын тасқа ойды.

Терең ойды берген Алла бақ үшін
Бос кетпесін бес күнің мен бар күшің
Бабалардың жалындарын тереңнен,
Ерінбестен аш парақтап дәл бүгін.

Күлтегін бір атадан екеу екен,
Ағасын құрметтеумен өткен екен.
Айбынды әскерге қол басшы боп,
Халқына мол мұрасы жеткен екен.

Тоныкөк ақылымен жау жайратқан,
От тілімен қазанда шай қайнатқан
Бір басына аз болған жетпіс өнер,
Көп білседе көрмеген оны мақтан.

Серік етіп қобызын күңіренген,
Өлемін деп өмірден түңілмеген.
Қорқыт ата халқының жүрегінде
Күйлерің тең жасаған бүгінменен.

Қият атып мергендікпен танылған,
Оғыз бабам елің саған табылған.
Алты ұлық алты арыстай сүйеу боп,
Қиын сәтте дәл жаныңнан табылған.

Тарихыңды жатта алтын санаңа,
Ертеңіңмен бүгінгіңді бағала
Еліңді емес тек өзіңді ойласаң,
Жем боласың түнек құсы қарғаға.


Үміті от жас ұрпағың жалынды,
Тоқсан бірде тәуелсіздік алынды.
Жиырма жылдық мерей тойың мінекей,
Туған елім қуып жеткен сағымды.

Қиын күндер өтті талай басыңнан,
Жалынды жастар табылды сонда қасыңнан.
«Жүк ауырын нар көтерер» демекші,
Нұр атамыз тіреу болды жасынан.

Қазақ атын арқаладық айбынды,
Ақиқатқой басқа біреу түсінбесін қайғыңды.
Жүрегі ұшса қорқыныштан қалтырап,
Аққу құста оралмайды, тастап кетер айдынды.

Ризамыз бабаларға қайратты,
Қас дұшпанын от тілімен жайратты.
Келер ұрпақ еншісіне бүгінгі,
Қазанында мол мұрасын қайнатты.

Ұмытпаңдар, сол жырлаған дастанды,
Елім деп туған боздақтар мен бостанды.
Тәуелсіз ел берік болсын босаған!
Қуана қарсы ал арайланған ақ таңды!



Жұлдыздар аспан өміріне әсер ете ме?

> Соңғы жылдары жұлдыздар мен аспан денелерінің Жерге және адам өміріне тікелей әсер етуі туралы жиі айтылып жүр. Бұл жайында фильмдер түсіріліп, жазылып та жүр. «Планеталар шеруі» немесе «метеориттік соқтығысу» сияқты ақпараттармен қоғамда қорқыныш тудырып та жүргендер бар. Бүгінде адам санасын қорқынышпен ұстағысы келетіндердің қатары көбеюде.

Бұл тақырыпта зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген ғалымдарымыздың еңбектері де жетерлік. Алайда, өздерінің ғылыми жұмыстарына қоғамды баса назар аударту мақсатында еңбегінің маңыздылығына тым әсер беруі жиі кездесетін құбылысқа айналғаны әлдеқашан. Нәтижесінде адамзатқа төніп келе жатқан астероид, озондық тесіктерден өткен күн сәулесі, геомагнитті борандар, күн сәулесінің белсенділігі сияқты ғаламдық ауытқулар жер тұрғындарын қорқыныштың уысында ұстауы ғажап емес. Шын мәнінде осы табиғи ауытқулардың кесірі жаһанда болып жатқан жамандық пен ауру атаулының бәріне себепші деуіміз артық емес пе екен? Әрине, жер өзімен-өзі ғаламнан бөлек өмір сүріп жатпағаны мәлім. Жұлдыздар, ғаламшарлар, күн, басқа да аспан денелерінің жерге әсерін ғалымдар зерттеу барысында.

Ай мен Күннің Жерге әсері

Жерге Айдан біршама алыс тұрған Күннің әсері Айдан қарағанда екі есе аз көрінеді. Ай туылғанда Жер, Ай, Күн бірқатарға тізбектеліп түседі. Айдың алғашқы және соңғы ширегінде бұлар бір-бірінен әлсірей бастайды. Ай мен Күннің толқындары – жер үшін маңызды құбылыстардың бірі. Мәселен, олардың әсері Жердің айналуын бірте-бірте баяулатады, тәулікті ұзарады.

Феликс Величко деген ғалымның пайымынша, Айдан ықпал ететін толқындар Жердегі барлық су атаулысына, яғни, мұхиттан бастап, ағзаның әрбір жасушасына, жасуша аралық сұйықтықтардың барлығына әсер ететін көрінеді. Халық арасында айтылып жүрген «лунатик» дерті де осы толқындардың ықпалынан туындайды екен.

Адамзат үшін «Планеталар шеруі» қорқынышты ма?

Планеталардың Жердің биосферасына қауіптілігі әсер ететіні жайында 1920 жылы орыстың ғалымы Александр Чижевский былай деген: «Күннің жерге әсері ол – өздігімен бола салатын құбылыс емес. Демек, кеңістіктегі Күн жүйесіндегі планеталардың бір-біріне, Күнге қатынасына тәуелді. Осылайша Жердегі құбылыстар Күнге байланысты ғана емес, планеталардың бақылауында екенін ескеру қажет. Планеталарға Күннің әсерін анықтауға байланысты жасаған зерттеу жұмыстарымыз оң нәтижесін берді: күннің белсенділігі артқан кезде планеталар қозғалысы байқалады». Бұл ғалымның жеке мәлімдемесі ғана. Шын мәнінде, планеталардың Күнге әсері қандай? Бүгінгі күннің ғалымдарының айтуынша, тіпті, барлық планеталар бір қатарға тізбектеле қалса да, олардың толқындық «төбесі» Күн бетінде 3 миллиметрді құрайды. Осындай кішкентай ғана көлемді құраса да, ақпа-

рат құралдары адамзатты «планеталар шеруімен» қорқытуды әбден мақсат етіп алған сыңайлы.

1974 жылы шыққан АҚШ-та Джон Гриббин мен Стивен Плейжманның «Юпитердің эффекті» деген кітабында 1982 жылы барлық планеталар Күннің бір беткейінде қалып, бір қатарға тізбектеле түскен «планеталар шеруін» Жер үшін өте қауіпті қатерге балайды. Сол 1982 жылдың 10 наурыз күні планеталардың жақындасуы болып, Жер бетіне еш қауіп келтірмегені анық. Әдетінше, жер бетінде табиғи стихиялық құбылыстар өз кезегімен болып жатты. Ал, планеталардың ықпалымен Күннің белсенділігі еш өзгермеді. Келесі шеру күннің тұтылуымен сай келіп 1999 жылдың 11 тамызына жобаланды. Халық бұл құбылыстарды «заманның ақырына» балады. Одан кейінгі шеру 2000 жылдың мамырына жоспарланыпты. «Меркурий, Венера, Марс, Юпитер, Сатурн, Күн мен Ай бір қатарға тұрған кезінде Жер қозғалады», – деп «The Sunday Times» сілтемесін беріп, жарыса хабарлап жатты бұқаралық ақпарат құралдары. Адамның негізгі инстинктерінің бірі қорқыныш екенін ескерсек, өзінің арам пиғылын іске асырмақ болғандар бұл сынды жорамалдарды адам баласы жер бетінде өмір сүргенге дейін үгіттей беретіні хақ.

«Планеталар шеруі» ақиқат па, аңыз ба?

Планеталардың бір қатарға тізбектелуі Күннен әр бағытта қатарласады. Күнге күндік тасқындар әсерінің 70 пайызы Юпитер мен Венерадан болады. Максималды тасқынды ықпал осы планеталар Күн қатарында қатарласқанынан әсер етеді екен. Бұл қатарласу әр төрт айда болып тұратын құбылыс. Алайда, осы құбылыспен жер бетінде еш өзгерістер белгіленбеген екен. «Планеталар шеруі» Күннің жарықтануын 0,1 пайызға арттырады деген ғалымдардың болжамы да жерге қауіп беретіндей қасірет әкелмейтін көрінеді. Миллиондаған жылдар бойы жарығын шашып келген күн бір күнде өз қызметінен жаңылған емес. Ғалымдардың айтуынша жұлдыздардың біздің жер биосферасына әсер етуі өте аз болғаны соншалық, күнделікті күйбең тірлікті өзгертер ауқымды ауытқулар болмайды деп сендіреді ғалымдар.

Астрологиялық жорамалдарды жоққа шығару

Мичиган университетінің психологы Б. Силверман жұлдыз-жорамалдың адамдарға әсерін зерттеген екен. Ол жұптың бірінің белгілі-бір күнде туылған, яғни белгілі-бір жұлдыз белгісі иесінің олардың некесіне немесе айырылысуына жұлдыздардың әсерін білу мақсатында 2978 некелер мен 478 айырылысу деректерін қолданды. Ғалым екі тәуелсіз жұлдызшылардың шынайы мәліметтері бойынша жұптарға арналған сәтті және сәтсіз некелердің жорамалын салыстыру арқылы өмір шындығы мен жорамалдың еш байланысы жоқ екенін Б.Силверман дәлелдеп шықты. Адамның туылған сәтінде Күннің жұлдыздар әлеміндегі тұрған тұрысы адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етпейтіні анықталды.

Жұлдыздың мамандыққа ықпалы бар ма?

Астрологтардың байламынша адамдардың белгілі-бір мамандыққа бейімділігін жұлдыздар арқылы анықтауға болатын көрінеді. Дж.Вашингтон университетінің экономисттері Джордж Беннет пен Джордж Барт планеталардың қалыптасуы яғни, жұлдыздардың белгілі мамандықтарға бейімділігіне әсерін анықтау мақсатында зерттеу жасаған. Әсіресе, Марстың билігіндегі белгілер зерттеу нысанасына айналыпты. Бұл зерттеу жұмысы да астрологиялық жорамалдардың негізсіз екенін дәлелдеді. Америкалық физик Дж.Мак-Джерви 17 мың ғалымдар мен 6 мың саясаткерлердің туған күніне байланысты жұлдыз жорамалын зерттеген. Бұл жұмыстың нәтижесі бойынша да ғалым, саясаткер болу жұлдыздың әсеріне қатысы жоқ, кездейсоқтық екені расталды. Америкалық психолог Дж.Мак-Гру адамның мінез-құлқына жасалынатын жорамалдың сапасына зерттеу жасайды. Ол зерттеу жұмыстарына алты кәсіби жұлдызшылар мен жұлдыз-жорамалдан еш түсінбейтін бақылау тобын қатыстырады. Астрологиялық, мінезіне, жұмысына және тұрмыстық сұрақтарға жауап берген 23 ерікті адамдардың жаз-баша анкетасы алынады. Анкета бойын-

Астрология мен Астрономия таласы

Орыс ғалымы Владимир Сурдин: «Жаратылыстану ілімі бойынша астрология – рационалды мазмұны жоқ сабынды көбік секілді. Ғылым болжам жасаудың әдістерін жасайды, тек мистикаға жол бермейді. Ал, мүмкін емес болған жағдайда, ол жайында ашық мойындап, астрологтар сияқты үміт бермейді. Ғылым мен астрологияның жолы екі бөлек», – деген екен. Жұлдызшылар ғылымның жеткен жетістіктеріне ортақтасып келеді деп жар салып жүрген ғалымдардың жұлдыз-жорамалды жоққа шығару еңбектері көп-ақ. Кейде журналистер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы «астрологиялық күнтізбе бойынша бүгін ең қысқа күн, ең ұзақ түн болмақ» немесе ертең «планеталар шеруі», «күн тұтылуы» болады деп айтса, астроном ғалымдар қатты ренжіп қалады екен. Өйткені бұл табиғи құбылыстарды анықтайтын тек астрономдар ғана екенін естен шығармауымыз тиіс.

Жұлдыздар сатыла ма?

Бүгінде аспандағы жұлдызды немесе өзіңе ұнайтын ғаламшардан телім орын сатып алу қиындыққа соқпайтын көрінеді. Көзге көру мүмкіндігіне қарай жұлдыз бағасы қымбаттай береді. Көзбен көретін жұлдыздар құны 32 000 теңгеден басталып 40000-ға дейін өсе береді. Бинокльмен көруге болатын жұлдыздар бағасы 10000 теңгеден басталып 32000 теңгеге дейін, ал телескоп арқылы байқауға болатындары 6000-16000 теңгені құрап отыр. Сіздің қолыңызға өзіңіз таңдаған жұлдызға қойылған есім мен нөмір беріледі. Бұл жұлдыздарды сіз аспан денелерінің картасынан ешуақытта көре алмасыңыз анық. Жұлдыздарға есім беретін әлемде жалғыз ұйым – Халықаралық астрономиялық одақ. Оның өзінде олар аспан денелеріне есімді бізге түсініксіз өзіндік сандар мен қаріптермен атауды жөн көреді. Алайда, бұл ұйымның өзі жұлдыздарды саудалаумен айналыспайды. Сонда оларға Жер тұрғындарына ортақ жаратылысты, яғни жұлдыздар мен планеталардағы телімдерді сатуға кім рұқсат берді екен. Жай бір парақ қағазды сатып алу яки алмау әркімнің өз еркінде.

Түйін сөз. Аспан денелерінің адам баласына мүлтіксіз әсері бары анық. Ғалымдар жұлдыздардың адам өмірі мен мінезіне ықпал етуші күштің барын жоққа шығарды. Дегенмен, жалған ілімнің адам санасына әсері әлдеқайда күштірек екені де даусыз. Ғылым мен жұлдыз жорамалшылардың таласы, миллиардтаған шақырым алшақтықта тұрған аспан денелерін сатып жүрген қулардың ауадан пайда көруі немен бітер екен?



ШЕШЕНДІК СӨЗ

АЛЫСТАН НЕ АЛЫС!

Байдалы қартайып үйден шықпай күндіз-түні төсекте жататын болды дегенді естіп Мұса мырза іздеп келіпті. Байдалы шешен қараша үйінің ішінде бөстекке оранып жатыр екен. Мұсаның қолын алып, жөнін сұрап амандасыпты да, көріліктің жайын айта беріпті.

— Ой, көрілік-ай, сөздің өзі бала, тербетсе оянады, тербетпесе оянбайды, заманым өтті ғой! — дей беріпті. Мұса қонып, қонақасын жеп, таңертең жүрмек болады.

— Е, шырағым, еліңе не айтып барасың? — депті Байдалы.

— Мен не айтайын, ел ағасы болған Байдалы еді, енді көрілік пен алысып жатыр екен деймін.

ҚОНАҚ НЕШЕ ТҮРЛІ БОЛАДЫ?

Есентемір Бөленді Асау шешен қонаққа шақырып отырып:

— Е, бөле! Сізден бір-екі ауыз сөз сұрайын, рұқсат па? — депті.

— Е, шырағым, сұра! — депті Бөлен.

— Құдайдың бергені, үйден қонақ кетпейді. Бірі кетсе бірі келеді. Біреулері бір келмейді, бір келсе неше келеді. Осыларды келініңіз көріп «мынау тағы келе жатыр ма?», — дейді. Бұл неткені? — депті Асау.

— Ол келіннің ырысы кеткені, — дейді Бөлен.

— Ауылдың жас балалары көрі қонақты жақтырмайды, соны күтуден ерінеді. «Осы шалдарға не жок, қыдырды, жеді, бірсыпыра қызықты көрді, енді үйлерінде жатса қайтсін?» — дейді. Бұл неткені?

— Шырағым, оның рас. Үш ауыз сөз сұрайын, соны шешіп беріп кетші! — дейді қарт. Мұса «айтыңыз» деп тыңдайды. Байдалы қарт сонда:

— Алыстан алыс? Жақыннан не жақын? Тәттіден не тәтті? — дейді.

Мұса ойланып отырып:

— Жер мен көктің арасы алыс, кісіге туыс жақын, тәттіден бала тәтті, депті. Сонда Байдалы қарт басын көтеріп:

— Балам, ақылың әлі алқымыңнан асқан жоқ екен. Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ, жаннан тәтті жоқ. Бала қанша жақсы болса да, жан шығарда адамның өз жанынан тәтті жоқ. Жақыннан — ажал жақын, — депті.



— Жігіттің неше жұрты бар? — деп сұрайды.

— Жігіттің төрт жұрты болады еді, біреуін тастап деп ойлаймын, — дейді Асау: Қайын жұрты — міншіл, өз жұрты — күншіл, нағашы жұрты — сыншыл. Сонда Бөлен:

— Жігіттің төрт жұрты болатын еді, біреуін тастап кеттіңіз. Ол — елінің азама-ты. Бөрінен де артық сол еді-ау! — депті.

БАЛДАН ТӘТТИ НЕ БАР?

Бауадат дейтін жігіттің сұрақтарына Назым деген қыздың берген жауаптары:

— Балдан тәтті не бар, қылыштан өткір не бар?

— Балдан тәтті бала бар, қылыштан өткір тіл бар. Удан ащы — әдепсіз адамның аузынан шыққан сөз бар.

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН МЕН ҚАРАКӨЗ АЙЫМ

Өз Жәнібек жаяу мал қарап жүрген балаға кез болады.

— Шырағым, елсіз жерде неғып жүрсің? — деп сұрайды.

— Жалғыз түйемнен көз жазып қап, соны іздеп жүр едім, — деп жауап береді бала.

— Түйенді тұсап қойсаң болмай ма?

— Түйемнің тұсауы өліп қалып еді, — дейді бала. Ол әкем өліп қалып еді деген сөзі екен.

— Балам, біз қай үйге қонамыз?

— Бір қой жеймін десеніздер қай үй болса да қона беріңіздер! Екі қой жеймін

десеніздер, біздің үйге қоныңыздар, — дейді бала. Ханның қасындағылар:

— Мынау бір мырза бала екен, осының үйіне қонайық, — дейді. Келген соң бала бір буаз саулықты жетектеп келіп «иллаһи амин!» дегенде: «Шырағым, бойдақ қой жоқ па? — деп ескертеді хан.

— Мен бойдақ қойдың жоғын мана далада айтпап па едім? Екі қой жесеңіздер, біздің үйге қон дегенім осы емес пе еді? — дейді бала.

Қонақтар жауабына қайран қалады.

Шешендік сөздер,
Алматы, 1992 жыл

ОҚЫҒАННАН ТҮЙГЕН ОЙ

ЖАЗУШЫНЫҢ ТЕҢДЕСІЗ ҚАЗЫНАСЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхансы «Бір ел — бір кітап» акциясы аясында бір ай бойы қазақтың белгілі өрі дарынды жазушысы Сайын Мұратбековтің туындыларын оқуға арнады.



С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхананың қазақ әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен С.Торайғыров атындағы ПМУ агротехнологиялық факультеттің МШӨТ-301 тобы студенттеріне «Сайын Мұратбековтің прозасы — алтын жазушы әдебиетінің маржаны» тақырыбында библиографиялық шолу өтті. Кітапсүйерлер жиылған бұл кездесуде Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі бойынша студенттер арасында тағылымды да тартымды әңгіме өрбіді. Сондай-ақ, көркем әдебиет бөлімінде оқырмандарға «Сайын Мұратбеков: жүрегінен шашылған жарық пен жылу» атты кітап көрмесі ұсынылды. С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхананың қазақ әдебиеті бөлімінің кітапханашысы Жүрсилә Абилиндінова студенттер арасында өткен библиографиялық шолуды жоғары бағалады. «Әрбір кездесудің көрсеткіші болады. Ал бүгінгі студенттермен өткен бұл шара табысты да жемісті аяқталды. Өйткені, студенттер арасында Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесіне оқырмандар арасында қызығушылықтың артқанын байқауға болады. Кездесу соңында студенттер «Жусан иісі» повесін тапсырып, оқуға алып жатқанын көргенімде өзім де қуанып қалдым», — деп қуанышын жасыра алмады Жүрсилә Абилиндінова. Сонымен қатар, бір ай бойғы оқу М-101 тобы студенттері арасында «Сайын Мұратбековтің теңдесіз қазынасы» атты ақпараттық сағатымен жалғасты.

Сайын Мұратбековтің шығармаларын оқу айын «Сайын Мұратбековтің прозадағы өмірлік шындығы» атты оқырмандар конференциясы қорытындылады. Жазушы «Жусан иісі» повесінде соғыс жылдарындағы ауыл өмірін, аяусыз сұм соғыс жетімек еткен ауыл баласының тауқыметті тағдырын шебер бейнелейді.

Мұндай шаралар жалпы оқушы қауымға пайдасы зор екені белгілі. Бір ай бойы оқырмандарды өзінің даналығымен, жазушылық шеберлігімен танымал болған халқымыздың белгілі жазушысы Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесін оқуға бағытталды.

Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесін оқу барысында әр бір оқырмандарға рухани мәдени құнды дүние беретіні және өмірге деген махабатын арттыратыны сөзсіз. «Жусан иісі» повесіндегі басты кейіпкер Аянның мейірімділігі, кішпайылдылығы, төзімділігі, елге жаны ашып тұратын рақымды баланың мінезі шебер суреттелген. Мен «Жусан иісін» оқып отырып, Аянның бойындағы ертегішіл қасиеті және оның сондай сыпайлығына, төзімділігіне, әдептілігіне тәнті болдым. Ол қасиетті Аянның бойына әжесі дарытқан болса керек. Сондықтан болар жазушы халық ауыз әдебиетінің жиі кездесетін, жиі айтылатын ертегіні негізге алғандай. Бұл дегеніміз ата-бабаларымыздан келе жатқан ауыз әдебиетінің құнды екенінің көрінісі. Автордың туындыларында адамдық даналық және адамгершілік қағида-ты тұнып тұр. Сайын Мұратбековтің шығармаларында адамдық мораль мәселесі айқын бейнеленіп, жамандық атаулының бәрі әшкереленеді.

Ержанхан ОРАЗБЕК

ТАҢҒАЖАЙЫП ӘЛЕМ

Музыкалық толқу

Музыканы сүймейтін адам жоқтың қасы. Оның себебін кім біліпті? Бұл сұраққа жаһандық ғалымдар жауап іздеуге талпынып жүр. Алайда бұл талпыныстар теория жүзінде ғана қалып отыр. Осыдан 50 мың жыл бұрын алғашқы әуен Африкада пайда болған деседі ғалымдардың зерттеулері. Сол уақыттан бері адамзаттың өмірін музыкасыз елестету мүмкін емес. Әуеннің нәліктен адам психикасына ықпалының зор екенін түсінуге талпынып көрелік.

Бұл саулға жауап іздеу мақсатында ғалымдар адам миын зерттеуді нысанаға алған. Жанымызға жақын әуенді тыңдағанда адам денесі тебіреніп, әдемі күйді бастан кешіретіні баршамызға мәлім. Дәл осы бір ерекше сезінуді «музыкалық толқу» дейді ғалымдар. Міне қызыққа қараңыздар, бұл ерекше сезімді сезіну барлық адамдарға бұйырмаған. Зерттеу музыканттардың 90 пайызы, ал жалпы адамдардың 53 пайызы ғана бұл таңғажайып сезімді басынан өткеретінін дәлелдеді. Зерттеушілер музыкалық сезімді бақылау тіпті мүмкін еместігін айтады. «Музыкалық толқу» адам көзінің қарашығы кеңіп, тыныс алу мен жүректің соғуы жиілей түсіп, дене температурасы сәл арта түсуімен байқалады.

Көптеген тәжірибелер бұл сезімдерді сезіну үшін арнайы формуланың жоқ екенін көрсетті. Алайда, толқу гармондардың өзгерісі яки әуендегі кенет өзгерістен басталады екен.

Адам әуен тыңдау барысында ми нейромедиаторларды, яғни, дофаминді бөледі. Қарапайым айтқанда, дофамин — рахаттану гормоны. Адам өзіне ұнайтын іспен шұғылданғанда осы дофамин гармонын бөледі. Аталмыш зерттеумен айналысып жүрген ғалымдар өлеңнің шырқау шегіне жеткенше бірнеше секундтың ішінде адамда максималды көлемде дофамин бөлінетінін анықтаған. Дәл осы сәтте адам миындағы теңбіл дене (стриатум) рахаттана түсіп, адам денесі түршігіп кетеді екен.



МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая
Тілшілер: А. Тилей,
Ә. Абетжанова,
Н. Рабилова.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан,
А. Тойшыбайұлы, А. Эсеналиева.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г күәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана. Тапсырыс № 2622